Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

2026 жылғы 27 қаңтар *Орал қаласы*

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің *(бұдан әрі – Департамент)* атына Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағы 26) тармақшасына сәйкес «Қаратөбе ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің *(бұдан әрі – дене шынықтыру және спорт бөлімі)* 2026 жылғы 20 қаңтардағы № 1.1-24/7 монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхаты келіп түсті.

Қорытындыны жасау барысында, Департаментпен Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы №6 бұйрығымен бекітілген монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы қағидалары *(бұдан әрі – Қағида)* басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 4 бабына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қолдау мемлекеттік меншіктегі спорт ғимараттарының қолжетімді болуын қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Заңның 7 бабына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асырады.

Осылайша, Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы №216 қаулысына сәйкес «Қаратөбе ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қаратөбе спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны *(бұдан әрі – Қаратөбе спорт клубы)* құрылған.

Бұдан әрі, Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық әкімінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы №216 қаулысымен бекітілген «Қаратөбе ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаратөбе спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысына сәйкес «Қаратөбе спорт клубы» мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 140140010721) уәкілетті органы «Қаратөбе ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, сондай-ақ құрлытайшысы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық әкімдігі болып табылады.

Осының негізінде, Қаратөбе спорт клубы заңды тұлға болып табылады.

Жоғарыда баяндалған мәліметтер негізінде, дене шынықтыру және спорт бөлімі бір көзден тікелей сатып алу тәсілімен 2026 жылға Спорттық және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру қызметі бойынша келісім-шарт жасау жоспарланған.

Дене шынықтыру және спорт бөлімімен ұсынылған мәліметтерге сәйкес қызмет түрі келесілерді қамтамасыз етеді:

- Ұлттық спорт түрлерін, кешенді спартакиадаларды және мерекелік күндерге арналған бұқаралық – спорттық іс шаралардыұйымдастыру және өткізу;
- Ұлттық спорт түрлері бойынша жоғары білікті спортшыларды дайындау үшін жағдай жасау;
- Спорт ардагерлеріне қолдау мен көмек көрсету;
- Жұртшылықпен, жанкүйерлермен, облыс активтерімен спорттың қалыптасуы мен дамуына мүдделі тұлғалармен байланыс орнату арқылы спортты насихаттау;
- Дене шынықтыру және спорт мамандарының, жаттықтырушы-оқытушылық құрамның біліктіліктерін арттыру мақсатында семинар мен басқа да түрлі іс-шаралар ұйымдастыру, өткізу;
- Спортпен тұрақты түрде айналысатын I, II, III дәрежелі жасөспірім, II, III дәрежелі ересектер арасында спортшылар дайындау.

Заңның 10 бабы 2 тармағына сәйкес дене шынықтыру-спорт ұйымдары халықтың әртүрлі топтары арасында дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға қатысады, спортшылардың және спорттық жарыстарға және оқу-жаттығу іс-шараларына қатысатын басқа да адамдардың денсаулығын қорғау және нығайту үшін жағдайлар жасайды,

спортшыларға, жаттықтырушыларға және дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарға жаттығу жасау үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт бөлімі сатып алуға жоспарлаған қызмет түрінің географиялық шекарасы ретінде Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданын белгілеген.

Өз кезегінде, дене шынықтыру және спорт бөлімімен ұсынылған мәліметтерге сәйкес қызмет түрі 93120 экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеушісіне сәйкестендірілген *(бұдан әрі – ЭҚЖЖ 93120)*.

Сонымен қатар, Департамент өз тарапынан аталған қызмет түрін алмастыратын қызмет түрлері ЭҚЖЖ 93190 коды бойынша тіркелуі мүмкін деген қорытынды жасады.

Осылайша, Спорттық және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру бойынша өткізу нарығында тіркелген өзге де жеке кәсіпкерліктің бар немесе жоқ екендігін айқындау мақсатында, Департаментпен Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі ұлттық статистика бюросының https://stat.gov.kz ресми сайты зерделенді.

Ресми сайттың мәліметтеріне сәйкес Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының шекарасында ЭҚЖЖ 93120 және 93190 кодымен жеке кәсіпкерліктердің тіркелмегендігі белгілі болды.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 10 бабы 2 тармағына сәйкес осы баптың 1-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері **бәсекелестік тәсілдер** деп танылады.

Сол себепті, https://www.goszakup.gov.kz/ru/ сайтынан Департаментпен Батыс Қазақстан облысы шекарасында , Спорттық және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру бойынша қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алуларға мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижесінде ат спортын дамыту мақсатында 2023-2025 жж. аралығында 4 мемлекеттік сатып алу өткізілген.

Өз кезегінде, 59515811-ОИ2 лотымен жариялаған мемлекеттік сатып алу барысында «Өрлеу» ЖК қатысуға өтінім берген. Мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша жасалған хаттамаға сәйкес, Қаратөбе спорт клубы «Өрлеу» ЖК «Бір көзден электронды сатып алу» тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт жасаған. Бүгінгі күні келісім - шарт толық орындалған.

68482728-ЗЦП1 және 70488791-ЗЦП3 лоттарымен жарияланған мемлекеттік сатып алу барысында «ASR-LINE» ЖК және «Рахман» ЖК қатысуға өтінім берген. Нәтижесінде, «ASR-LINE» ЖК, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші «Рахман» ЖК айқындалып, Қаратөбе спорт клубы

жеңімпаз «ASR-LINE» ЖК мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған. Келісім – шарт толық орындалған.

Сондай-ақ, 76560156-ОИЗ лотымен жариялаған мемлекеттік сатып алу барысында «ASR-LINE» ЖК өтінім берген. Нәтижесінде, Қаратөбе спорт клубы «ASR-LINE» ЖК «Бір көзден электронды сатып алу» тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт жасаған. Келісім – шарт толық орындалған.

Осылайша, ат спорты түрлерін қолдау және дамыту қызметтері (көкпар, жамбы ату, аударыспақ) бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілері анықталды.

Өз кезегінде, **Спорттық және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру бойынша** мемлекеттік сатып алу тәсілдерімен жүзеге асырылған, яғни, конкурс, аукцион, баға ұсыныстарын сұрату электрондық дүкен арқылы мемлекеттік сатып алу жүргізілмегені белгілі болды.

Жоғарыда баяндалған мәліметтер негізінде, Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының шекарасында **Спорттық және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру бойынша** ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілер анықталғандығын ескеріп Департамент өзіне берілген құзіретіне сәйкес қорытындыны ішінара қанағаттандырып келесідей қорытындыға келді.

Спорттық және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру бөлігінде жеке кәсіпкерліктердің жоқ екендігін ескеріп **оң қорытынды** беріледі.

Ал, **ат спорты түрлерін қолдау және дамыту қызметтері** (көкпар, жамбы ату, аударыспақ) бойынша монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытынды беруден бас тарталды.

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Бәсекелестік қорғау және дамыту агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментімен берілген осы қорытынды 2026 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы мерзімде жарамды.

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
Агенттігінің Батыс Қазақстан
облысы бойынша департаментінің
басшысының м.а. **Ж. Мұратов**